2.1. Орындаушы жұмысты оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шарттың (бұдан әрі - Жұмыс) қосымшаларында көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың шарттарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2 Жұмыстар техникалық ерекшелікке сәйкес орындалады - Павлодар облысы, Успен ауданы, Қаратай ауылы орналасқан.

2.3 Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) лоттардың тізбесі және жұмыстарды орындау шарттары (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша);

3 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 Қосымшамен айқындалады және 11 365 575.00 (Он бір миллион үш жүз алпыс бес мың бес жүз жетпіс бес) теңге 00 тиынды құрайды және ҚҚС-сыз Жұмыстарды (жұмыстарды) орындауға байланысты барлық шығыстарды (бұдан әрі - Шарт сомасы) қамтиды.

3.2 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші Заңның 13-бабына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты және (немесе) соманы қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты тепе-тең ұстап қалуды ескере отырып, орындалған Жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлейді.

3.3, Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.4 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) қол қойылған Шарт;

2) орындалған жұмыстардың актісі;

3) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есепті;

4) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасы сипатталған, көрсетілген электрондық шот-фактура.

4 Тараптардың міндеттемелері

4.1 Мердігер/Орындаушы:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге.

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді 00.00 теңгеге тең мөлшерде:

Мердігердің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында ұсынылатын банк кепілдігі.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгі нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген, оның ажырамас бөлігі болып табылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Орындаушы Шарттың талаптарын орындау үшін тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия және міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуі тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатынан басқа, жоғарыда аталған қандай да бір құжаттар мен ақпаратты пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

7) Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз әрекеттерден туындаған өзіне келтірілген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы елішілік құндылық туралы есепті веб-портал арқылы ресімдеуге және Тапсырыс берушіге жіберуге;

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актісін бекіткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге міндетті.

4.2 Мердігер/Орындаушы:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындалу мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға;

4.3 Тапсырыс беруші:

1) Жұмыстарды орындау үшін Орындаушы мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) орындалған Жұмыстардың сәйкессіздігі анықталған кезде Орындаушыны дереу жазбаша хабардар етуге;

3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 587-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, жұмыстарды қабылдаудан бас тартуға;

4) орындалған жұмыстардың актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесіндегі электрондық нысандағы шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық нысанда электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндетті.

4.4 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда жол беріледі.

5 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру

5.1, Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері орындалған жұмыстардың техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігіне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Орындаушы көтереді. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы Орындаушыны жазбаша түрде уақтылы хабардар етуге тиіс.

5.2 Осы Шарттың шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес болуы немесе одан жоғары болуы тиіс

5.3 Егер тексеру кезінде орындалған Жұмыстардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Орындаушы Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз, тексеру сәтінен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4, Жұмыстарды техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігіне тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтардың ешқайсысы Орындаушыны Шарт бойынша басқа да міндеттемелерден босатпайды.

6 Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы Жұмыстарды Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкес толық тапсырған жағдайда Жұмыс орындалды деп есептеледі.

6.2, Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдау/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды:

1) егер жұмыстар Қазақстанда шығарылған материалдар мен жабдықтардан орындалса, онда «Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен берілген Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36717 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары);

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдар мен жабдықтардан орындалса - қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) тауарды шығарушы ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген шығарылған елді айқындау қағидаларының талаптарына сәйкес әкелуші елдің уәкілетті органы (ұйымы) берген Тауардың шығарылуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

7 Кепілдіктер. Сапа

7.1 Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетініне, Жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін акауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті түрде негізделмеген және рұқсат етілмеген өзгерістері бар жұмыстар акаулы деп танылады.

Мердігер/Орындаушы беретін кепілдікке Орындаушы (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ак оны калыпты пайдалану кезінде жабдықтың рұқсат етілген тозуы немесе бұзылуы (болған кезде) себебінен залалды өтеу немесе Акауды түзету кірмейді. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы жұмыстарды орындау нәтижелерінің сапасының техникалық ерекшеліктерге сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

7.2 Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге 24 ай мерзімге пайдалануға кепілдік береді.

7.3 Мердігер/Орындаушы орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды (олар болған кезде) климаттық жауын-шашынға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлыққа және басқа да себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жоюдың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Мердігер/Орындаушы өз жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа да жұмыстарды, сондай-ак Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті жолдарды, ғимараттарды, материалдар қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей), кандай да бір зақымдану түрлерінен немесе басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мердігер/Орындаушы шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтеуге жатпайды.

8 Тараптардың жауапкершілігі

8.1 Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2 Тиісті бюджеттердің/мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында секвестрлеу және/немесе ақша жетіспеу жағдайларын қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға оған тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге Төлеушіге/Орындаушыға әрбір кешіктірілген күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша (өсімпұл). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспауы тиіс.

8.3 Жұмыстарды орындау мерзімдері кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалады (өндіріп алады) не әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалады (өндіріп алады) міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімін өткізіп алған жағдайларда тоқтатылады. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15% -ынан аспауы тиіс

8.4 Орындаушы Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі анықталған күннен бастап бір айдан астам мерзімге Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, бірақ Шарттың қолданылу мерзімінен кешіктірмей, Тапсырыс берушінің Орындаушыдан тұрақсыздық айыбын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар әрбір кешіктірілген күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде (айыппұл, өсімпұл).

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құны үшін ақы төлеуді жүргізеді.

8.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.6 Егер кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Орындаушыға қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, онда Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Орындаушының түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Орындаушы Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкімді алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуға тиіс.

8.7 Орындаушының Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

8.8 Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделсе), сондай-ак Мердігер/Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты оны бұзған (шарттың қолданылу мерзімі анықталған) жағдайда Заңның 13-бабына сәйкес Мердігер/Орындаушы енгізген соманы қайтармайды.

8.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жобалаушыға/Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап, сондай-ак Өнім беруші/Орындаушы Шарттың қолданылуы кезеңінде Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ұсынған жағдайда бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

9 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзу шарттары

9.1, Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 жылдар аралығында қолданылады.

9.2 Мынадай оқиғалар олардың ұлғаюы бөлігінде жұмыс ұзақтығының мерзімдерін өзгертуге әкеп соғады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, бұл өз кезегінде жұмыстарды орындауды кідіртуге әкеп соғады;

2) Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін Жұмыстарды тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер осы сынақтар акауларды анықтамаған жағдайда, онда Жұмыстарды орындау мерзіміне Жұмыстарды тоқтату уақыты қосылады.

9.3 Тапсырыс беруші немесе Мердігер/Орындаушы, егер екінші тарап Шарттың талаптарын оны Шартта көзделген қағидаттық талаптардан айыратын елеулі бұзушылық жасаса, Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарт талаптарының елеулі түрде бұзылуы мыналарды қамтиды, бірақ санамалангандармен шектелмейді:

1) егер Мердігер/Орындаушы Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер/Орындаушы жұмысты 3 күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұрады, бұл ретте Тапсырыс беруші тоқтатуға рұқсат бермеген;

3) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезені ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Акауларды жоймайды;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға Жұмыстардың барысын кідіртуге нұсқау береді және мұндай нұсқаудың күші 3 күн ішінде жойылмайды;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер/Орындаушы банкроттыкка ұшыраса немесе оны қайта ұйымдастыруды немесе біріктіруді қоспағанда, қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер/Орындаушы Жұмыстарды жүргізу ережелерін, жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген нұсқаулықтар мен ережелерді елемейді.

9.4 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде, Орындаушы Шарт бойынша бұзуға байланысты бұзылған күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

9.5 Мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін:

1) өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) өнім беруші конкурсқа қатысуға мәлімделмеген жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлерді (қызметтер көрсету жөніндегі бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда, сондай-ақ жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерге (қызметтер көрсету жөніндегі бірлесіп орындаушыға) осы Заңның 17-бабының 8-тармағында белгіленген көлемнен асатын көлемде жұмыстарды (қызметтерді) берген кезде;

4) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

5) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

6) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

7) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

8) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

9) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

10) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша.

9.6, Егер Шарт бұзылса, Орындаушы Жұмысты дереу тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және оны белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге береді.

9.7 Объектідегі барлық материалдар мен Жабдықтар, сондай-ақ уақытша құрылыстар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және егер Шарт Орындаушының Шарт талаптарын елеулі түрде бұзуы себебінен бұзылса, Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның иелігінде болады.

10 Хабарлама

10.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама ақысы төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енген көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек басталатынына байланысты күшіне енеді.

11 Форс-мажор

11.1 Дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, эпидемиялар, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама тыйым салатын, сондай-ақ тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда олар өздеріне алған міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте тарап форс-мажордың басталғаны туралы дереу жазбаша хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда тараптың осы мән-жайға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2 Басқа тараптың форс-мажорлық жағдайлар кезінде өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған Тарап одан осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне ықпалы туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық растауды алуға құқылы.

11.3 Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шартты тоқтата тұру туралы хабарлайды. Орындаушы тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстарды тоқтата тұруды қамтамасыз етеді.

11.4 Егер форс-мажорлық жағдай Шарттың орындалуын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғанын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтату күніне дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

12 Даулы мәселелерді шешу

12.1 Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін салуы тиіс.

12.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

13 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3 Осы Шарт Тараптарының әркайсысы екінші Тараптың өкілдерін қандай да бір түрде, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына қандай да бір іс-қимылдарды орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4 Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылғанына немесе бұзылуы мүмкін екендігіне күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5 Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзылуы мүмкін екенін шынайы растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілер.

13.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықты болдырмау жөніндегі рәсімдерді өткізуді таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар Тараптардың сыбайлас жемқорлық әрекетіне тартылу тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14 Басқа да шарттар

14.1 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарына сәйкес төленуге тиіс.

14.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады.

14.3, Мердігерді/Орындаушыны таңдау үшін негіз болған сапа мен басқа да шарттар өзгермеген жағдайда жасалған Шартқа өзгеріс енгізуге Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

14.4 Шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

14.5 Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды

14.6 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

14.7 * Тапсырыс берушінің өнім берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау жөніндегі талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

15 Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші:	Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):
Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі	**ИП ATAMEKEN**
Павлодарская область, Успенский район, с.Успенка, ГЕРИНГА, 17 БСН 940340000461 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ10070102KSN4501000 "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ Тел.: 87183491528, руководитель отдела 8777 624 5578	г.Астана, район "Нура, Толе би 52 БИН/ИИН 950704451302 БИК HSBKKZKX ИИК KZ266018821000653551 АО "Народный Банк Казахстана" Тел.: 8702777261 1
Басшысы **Инербаев Есен Умирбаевич**	**Басшы** **Абдрахманова Аңсерім Кайрбековна**